

Келісілді

Бастауыш кәсіподақ

ұйымының төрайымы

З.Ж.Сүлейменова

« 29 » маусым 2025ж



«Бекітемін»

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»

МККК меңгерушісі:

Ж.А. Курманова

« 29 » маусым 2025ж



«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»

**мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның
2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

Бөбекжай – бақшасының сыртқы байланысы
Внешняя связь ясли – сада

- **«Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ**
«Мугалжарский районный отдел образования» ГУ
- **«Мұғалжар аудандық шығармашылық орталығы»**
Творческий центр Мугалжарского района
- **Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы**
Актюбинский областной научно – практический центр
- **Ақтөбе облысы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы**
«Өрлеу» национальный центр повышения квалификации Актюбинской области
- **Республикалық «SKILS ACADEMY» орталығы**
Республиканский центр «SKILS ACADEMY»
- **«ZIAT» Ғылыми – әдістемелік орталығы**
Научно – методический центр «ZIAT»
- **№4 жалпы білім беретін орта мектебі**
№4 средняя школа
- **«Мұғалжар аудандық орталықтандырылған кітапхана» ММ**
ГУ «Мугалжарская районная централизованная библиотека»
- **«Мұғалжар аудандық өрт сөндіру бөлімі»**
Пожарная часть Мугалжарского района
- **«Мұғалжар аудандық тарихи – өлкетану мұражайы» КММ**
Мугалжарский районный историко – краеведческий музей

Балабақша туралы мағлұмат

Балабақша атауы - **«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

Мекен жайы: Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласы

«Жастық» мөлтек ауданы №52 құрылыс

Ғимараттың тұрғызылған жылы – 1986жыл

Заңды тұлғаны тіркеу куәлігі: №311-1904-12-МК 08.02.2010ж

Лицензия: №0030043 серия АБ 07.07.2010 жыл

Электронды пошта – kunshuak_sad@mail.ru

Жұмыс уақыты: 10 сағат 30 минут (7.30 дан 18-00 дейін), 5 күндік .

Байланыс телефоны: 871333 3-14-47

Ғимарат түрі – 2 қабатты, типтік

Оқыту тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі

Білім мекемесінің аттестациядан өткен жылы – 2023 жыл

Балалардың деректі саны – 320 орынды, 14 топқа арналған

Балабақша менгерушісі: Курманова Жадра Аскаровна,
Жалпы еңбек өтілі: 16 жыл,
Білімі: жоғары
Мамандығы: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту.

Әдіскерлер:

1. Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна
2. Жариева Жаина Абылаиевна

Педагог кадрлар саны – 35

Білімі: жоғарғы мектепке дейінгі біліммен – 16
арнаулы орта мектепке дейінгі біліммен – 15
жоғары педагогикалық біліммен (тіл мамандары) - 2
арнаулы орта педагогикалық біліммен -2

Біліктілігі: Басшы – ұйымдастырушы - 1
Педагог – модератор – 12
Педагог – сарапшы – 10
Педагог – зерттеуші – 3
Санаты жоқ педагог – 10

Жас ерекшеліктеріне қарай 14 топ жұмыс жасайды: оның ішінде 9 топ мемлекеттік тілінде, 5 топ орыс тілінде тәрбие беруде.

- 2 жас кіші топтары: «Ақбота» қазақ тобы
«Балапан» қазақ тобы
«Бәйтерек» орыс тобы
- 3 жас ортаңғы топтары: «Еркетай» қазақ тобы
«Светлячок» орыс тобы
«Сказка» орыс тобы
«Жұлдыз» қазақ тобы
- 4 жас ересек топтары: «Аққоян» қазақ тобы
«Шаңырақ» қазақ тобы
«Лучик» орыс тобы
«Айгөлек» қазақ тобы
«Аққу» қазақ тобы
- 5 жас МАД топтары: «Радуга» орыс тобы
«Құлагер» қазақ тобы

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК мамандары туралы мәліметтер

№	МДҰ атауы (мекен-жайы, телф,эл.почтасы	Мектепке дейінгі білім білім беру ұйымдары педагог тарының жалпы саны	Менгерушілер	Әдіскерлер	Тәрбиеші лері		Қазақ тілі мұғалімі	Орыс тілі мұғалімі	Психологтар	логопедтер	Изостудия мамандары	Музыка жетекшісі	Дене тәрбие инструкторлары
					Қазақ тобы	Орыс тобы							
1	"Күншуақ" бөбекжай - бақшасы" МКҚК «Жастық» м.а. 52 құрылыс 3-14-47 kunshuak_sad@mail.ru	35	1	2	17	11	1	-	-	-	-	2	1

№	Ауданы	Педагог саны	Білімі									
			Жоғар ы	%	Жоғары мектепке дейінгі	%	Арнаулы орта	%	Арнаулы орта мектепке дейін	%	Орта	%
1	Қандыағаш қаласы "Күншуақ" бөбекжай – бақшасы» МКҚК	35	18	51%	16	46%	17	48%	15	43%	-	-

№	Ауданы	Педагог саны	Санаты				
			Басшы – ұйымдас тырушы	Педаг ог	Педагог – модератор	Педагог – сарапшы	Педагог - зерттеуші
1	Қандыағаш қаласы "Күншуақ" бөбекжай- бақшасы»	35	1	8	12	11	3

Педагогикалық кадрларды реттеу

№	Аты-жөні	Оқыту тілі	Тобы
1	Байбулова Маржангул Аминовна	қазақ тілі	№ 1 «Еркетай» ортаңғы топ
2	Сарсенова Кулянда Шаймерденовна		
3	Жакеева Зинегуль Мутаевна	қазақ тілі	№ 2 «Ақбота» кіші топ
4	Кульманова Жайнагуль Бурғалиевна		
5	Искакова Райла Жанабергеневна	қазақ тілі	№3 «Аққу» ересек тобы
6	Айжарықова Райхан Ерболқызы		
7	Кисекбаева Гульнара Жайлкановна	орыс тілі	№4 «Бәйтерек» кіші топ
8	Артыкбаева Ботағоз Даулетовна		
9	Примбетова Роза Кожағалиевна	қазақ тілі	№5 «Балапан» кіші топ
10	Минжасарова Гаухар Батыргереевна		
11	Айтжанова Светлана Улубаевна	орыс тілі	№6 «Светлячок» ортаңғы топ
12	Егизбаева Шамшырақ Ермухамбетовна		
13	Кинжибекова Нурдана Ерланқызы	қазақ тілі	№7 «Шаңырақ» ересек топ
14	Сүлейменова Зиягүл Жөкенқызы		
15	Имангазина Светлана Алпамысовна	орыс тілі	№8 «Сказка» ортаңғы топ
16	Тамбаева Гульнара Булатовна		
17	Боранбаева Назгуль Жумаевна	қазақ тілі	№9 «Айгөлек» ересек топ
18	Кудабаева Гульзат Климовна		
19	Нугманова Кунсауле Климовна	орыс тілі	№10 «Радуга» мектепалды тобы
20	Карашаева Гаухар Избагамбетовна		
21	Абдыкова Ақгуль Темирбаевна	қазақ тілі	№11 «Жұлдыз» ортаңғы тобы
22	Таухабаева Индира Максотовна		
23	Абилгазина Айгуль Мугадаровна	орыс тілі	№12 «Лучик» ересек топ
24	Мажарова Галина Ивановна		
25	Қазыбаева Жанар Берікқызы	қазақ тілі	№13 «Аққоян» ересек топ
26	Карагулова Несвели Армановна		
27	Оразова Малика Нуртаевна	қазақ тілі	№14 «Құлагер» мектепалды тобы
28	Аябергенова Айбарша Токсанбаевна		

ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСТЫ ТАЛДАУ

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК 2024–2025 оқу жылын мазмұнды әрі нәтижелі аяқтады. Бұл жылы мекемеде 36 педагог еңбек етіп, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасады. Олардың ішінде зерттеушілер, сарапшылар, модераторлар бар, сондай-ақ тәжірибесін жаңа бастап келе жатқан жас мамандар да бар.

- Педагог – 36
- Басшы ұйымдастырушы – 1
- Педагог - зерттеуші – 3
- Педагог - сарапшы – 12
- Педагог - модератор – 12
- Санаты жоқ педагог – 8

Педагогикалық кеңестер

Жыл бойына бірнеше педагогикалық кеңестер өтті және әр отырыста балабақша жұмысын жетілдіруге бағытталған маңызды мәселелер талқыланды. Кеңестер барысында жаңа оқу жылына дайындық, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру жолдары, балалардың адамгершілік-патриоттық тәрбиесі, педагогтердің креативті әлеуетін дамыту және балалардың даралығын қолдау сияқты тақырыптар қаралды.

- Бірінші педагогикалық кеңесте – жаңа оқу жылына дайындық пен оқу-тәрбие процесінің негізгі бағыты белгіленді.
- Екінші кеңесте – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы талқыланып, балалардың патриоттық сезімін қалыптастыру жолдары айтылды.
- Үшінші кеңес – педагогтердің шығармашылық қабілеттерін арттыру арқылы балалардың танымдық-зияткерлік дамуын жетілдіруге арналды.
- Төртінші кеңесте – балалардың даралығын қолдау мен бастамаларын дамыту технологияларын жетілдіру мәселелері көтерілді.
- Бесінші кеңес – оқу жылының қорытындысын шығарып, келесі оқу жылына арналған мақсат-міндеттер айқындалды.

Бұл кеңестер педагогтердің тәжірибе алмасуына, кәсіби біліктілігін арттыруына және оқу-тәрбие үдерісін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етті.

«Даналық мектебі» апталықтары

Балабақшада «Даналық мектебі» жобасы бойынша арнайы апталықтар ұйымдастырылды. Бұл апталықтарда ата-аналар белсенді қатысып, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге үлес қосты, сонымен бірге өз тәжірибелерімен бөлісіп, балалардың тәрбиесіне тікелей араласты.

Апталықтар барысында:

- **Аналар мектебі** – аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі, мейірім мен қамқорлықтың маңызы айтылды;
- **Әкелер мектебі** – әкелердің жауапкершілігі, үлгі-өнегесі, отбасындағы орны дәріптелді;
- **Әжелер мектебі** – ұлттық дәстүрлер мен салт-сананы жеткізу арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелері қаралды;
- **Аталар мектебі** – даналық пен тәжірибе негізінде ұрпаққа өнеге көрсету тақырыптары қозғалды.

Бұл іс-шаралар балалардың ұлттық құндылықтарды тануына, отбасылық қарым-қатынастың нығаюына, ал ата-аналардың балабақша өміріне белсене араласуына мүмкіндік берді.

Шығармашылық және жобалық жұмыстар

Балалар әртүрлі ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобаларға қатысты және сол арқылы табиғатты тануға, денсаулықтың құндылығын түсінуге, еңбектің маңызын сезінуге мүмкіндік алды. Әр жоба балалардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалып, олардың ойлау қабілетін, зерттеушілік дағдыларын және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталды.

- «Құмды зерттеу» («Еркетай» тобы)
- «Су – тіршілік көзі» («Ақбота» тобы)
- «Кел ойнайық, балақай» («Балапан» тобы)
- «Сүт өнімдерінің денсаулыққа пайдасы» («Шаңырақ» тобы)
- «Біздің топтағы бақша» («Айгөлек» тобы)
- «Әжемнің ертегісі» («Аққу» тобы)
- «Разноцветная неделя» («Лучик» тобы)
- «Бақ-бақ гүлінің пайдасы» («Жұлдыз» тобы)
- «Терезе алдындағы бау-бақша» («Құлагер» тобы)

Оқу жылы барысында балаларға арналған түрлі танымдық саяхаттар ұйымдастырылды, олардың мақсаты – балалардың дүниетанымын кеңейту, жаңа ортада өзін ұстау дағдыларын қалыптастыру және әртүрлі мамандықтармен таныстыру болды.

Балалар келесі орындарға барды:

- **Мұражайға саяхат** – туған өлкенің тарихымен, мәдениетімен танысып, қызықты деректер алды.
- **«Заңғар» жиһаз жасау шеберханасы** – еңбектің маңызын, тұрмыстық заттардың қалай жасалатынын көрді.
- **«Алтын сапа» тігін шеберханасы** – киім-кешектің жасалу барысын бақылап, қолөнерге қызығушылықтарын арттырды.

- **Мұғалжар аудандық полиция бөлімшесі** – тәртіп сақшыларының жұмысымен танысып, қауіпсіздік ережелері туралы мәлімет алды.
- **«Дина» супермаркеті** – сауда-саттық саласы, тұтыну мәдениеті жайлы түсініктер қалыптасты.
- **Спорт мектептері («Қыран» және аудандық спорт мектебі)** – салауатты өмір салтының пайдасы түсіндірілді, спортшылардың дайындығын көрді.

Бұл саяхаттар балалардың қызығушылығын оятып, білімін толықтырды және өмірлік дағдыларын дамытты.

«Құзыреттілік орталығы

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК жанынан құрылған **Құзыреттілік орталығының** негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, озық тәжірибелерді тарату және оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру болып табылады.

2024–2025 оқу жылы ішінде орталық келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізді:

1. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру:

- «Балабақшадағы бір күн» жобасы аясында педагогтердің кәсіби шеберлігін көрсететін іс-шара өткізілді;
- Балалардың күн тәртібі мен оқу іс-әрекетінің тиімді үлгілері ұсынылды.

2. Әдістемелік қолдау:

- Педагогтарға үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін қолдану бойынша әдістемелік көмек көрсетілді;
- «Тәрбиеші – жас ұрпақтың рухани сәулеткері» тақырыбында әдістемелік нұсқаулықтар берілді.

3. «Өсу нүктесі» жоспары:

- 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары таныстырылды;
- Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың психологиялық, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды.

4. Тәжірибе тарату және кәсіби даму:

- Семинар-практикумдар мен облыстық вебинарлар арқылы педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісті;
- «Мектеп жасына дейінгі балаларда инновациялық ұлттық құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбында ішкі семинар өткізілді. Құзыреттілік орталығының жұмысы педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасап, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға оң әсерін тигізді. Сонымен қатар, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мен инновациялық тәжірибелерді енгізуге мүмкіндік берді.

2024–2025 оқу жылы ішінде «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК жанындағы **Қамқоршылық кеңесі** бірнеше рет отырыс өткізді.

№1 отырыс – Жаңа оқу жылының басында өтті. Онда мекеменің оқу-тәрбие процесінің бағыты, материалдық-техникалық базасын жетілдіру және ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру мәселелері қаралды.

№2 отырыс – «Алтын күз» көрмесімен қатар өткізілді. Бұл отырыста балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, тәрбиелік іс-шараларды жетілдіру және ата-аналардың белсенділігін арттыру жолдары талқыланды.

№3 отырыс – Құзыреттілік орталығының «Өсу нүктесі» жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. Жоспардағы міндеттер таныстырылып, педагогтарға үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімін қолдану бойынша көмек көрсету мәселелері қаралды.

Қамқоршылық кеңесі жұмысының басты бағыты – балалардың сапалы білім мен тәрбие алуына жағдай жасау, ата-аналар қауымдастығы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту болды.

Ардагерлер кеңесінің көшпелі жиыны

Ауданымызда оқу-ағарту саласы бойынша **Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесінің көшпелі жиыны өтті.**

Жиын барысында ауданымыздағы білім беру мекемелерінің тыныс-тіршілігі таныстырылып, атқарылып жатқан жұмыстар көрсетілді.

Ардагер ұстаздар мен кеңес мүшелері балабақша ұжымымен кездесіп, тәрбие-білім беру ісіндегі тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ педагогтердің кәсіби деңгейін көтеру, жас мамандарға қолдау көрсету, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау мәселелері талқыланды.

Бұл шара білім саласы қызметкерлеріне үлкен серпін беріп, ардагерлердің ақыл-кеңестері тәжірибеге бағыт-бағдар бола білді.

«Қарттарым – асыл қазынам» іс-шарасы

2024–2025 оқу жылы барысында балабақшада **«Қарттарым – асыл қазынам»** атты іс-шара ұйымдастырылды.

Бұл шараның мақсаты – қарттарға деген құрметті арттыру, үлкендердің өмірлік тәжірибесін бағалау, балалардың бойында мейірімділік, сыйластық және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру болды.

Іс-шара аясында:

- Балалар ата-әжелеріне арнап тақпақтар айтып, әндер орындады;
- Ұлттық дәстүрлерге байланысты қойылымдар көрсетілді;
- Қамқоршылық пен ізгілікке тәрбиелейтін әңгімелер өткізілді;
- Ардагер ұстаздар мен қонақтарға Алғыс хаттар табыс етілді.
- Бұл мереке жас ұрпаққа үлкендерді сыйлау, құрметтеу дәстүрін дәріптеуге ықпал етті.

Мерекелік іс-шаралар

2024–2025 оқу жылы барысында балабақшада тәрбиеленушілердің рухани-адамгершілік және патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында түрлі мерекелік іс-шаралар өткізілді.

- **30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні:** балалар мен педагогтер мерекелік концертке қатысып, ұжым Алғыс хатпен марапатталды.
- **«Алтын күз» көрмесі:** ата-аналардың қатысуымен ұйымдастырылып, балалардың шығармашылық қабілеттерін танытуына мүмкіндік берді.
- **Отбасы күніне орай «Толағай» спорттық сайысы:** ата-аналар мен балалардың бірлескен спорттық жарысы өткізіліп, балабақша I дәрежелі дипломға ие болды.
- **Ұстаздар күні мен Кәсіподақтар күні:** педагогтерге құрмет көрсетіліп, Алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды.
- **Жаңа жыл мерекесі:** әр топ өз өнерлерін көрсетіп, театрландырылған қойылымдар қойды.
- **Наурыз мерекесі:** ұлттық салт-дәстүрлер насихатталып, балалар қазақ халқының мәдениетімен тереңірек танысты.
- **Балаларды қорғау күні (1 маусым):** түрлі ойын-сауық, ән-бимен толыққан мерекелік шара ұйымдастырылды.
- **Мектеп бітіруші топтарға арналған «Қош бол, сүйікті балабақшам!» кеші:** балабақшамен қоштасу салтанатты түрде өтті.

Бұл іс-шаралар балалардың шығармашылығын, ұлттық құндылықтарды құрметтеу сезімін арттырып, ата-аналардың да тәрбие процесіне белсене араласуына ықпал етті.

Семинарлар мен вебинарлар

2024–2025 оқу жылы ішінде балабақша педагогтері кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында бірнеше семинар-практикумдар мен вебинарларға қатысты және өз тәжірибелерімен бөлісті:

- **Мұғалжар ауданы білім бөлімі ұйымдастырған мобильді топтың онлайн-семинары** – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы өзекті мәселелер» тақырыбында Абдыкова А.Т. өз іс-тәжірибесін ортаға салды.
- **Мұғалжар ауданы білім бөлімі ұйымдастырған Мұғалжар ауданы білім бөлімі ұйымдастырған аудандық семинар**
Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың қазіргі тенденциялары-
тақырыбында тәжірибелерімен бөлісті.
- **Облыстық вебинар-практикум** – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту және білім беру сапасын арттыру бағытындағы әдістемелік жұмыстар» тақырыбында педагогтер тәжірибелерімен бөлісті.
- **«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институтының жоспарына сәйкес өткізілген вебинар-практикум** – «Әдеби шығармалар мен ертегілер арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында педагогтер іс-тәжірибесін ұсынды.

- **«JAN ANUAL» психологиялық қолдау орталығы ұйымдастырған семинар-практикум** – «Ерте жастағы балалардың жаңа ортаға бейімделуі» тақырыбында әдіскер Мақанова Г.Н өз тәжірибесімен бөлісті.

Бұл семинарлар мен вебинарлар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, әдістемелік қолдау көрсетуге және заманауи тәжірибелерді енгізуге үлкен ықпал етті.

Оқу жылы барысында педагогтар мен балалар түрлі жетістіктерге жетіп, марапаттарға ие болды. Бұл марапаттар ұжымның еңбегін мойындаудың, кәсіби шеберліктің және тәрбиелік жұмыстың нәтижесін көрсетудің айғағы болды.

- **30-тамыз – Конституция күніне** орай балабақша ұжымы Алғыс хатпен марапатталды.
- **«Үздік кәсіподақ көшбасшысы»** байқауына қатысып, Дипломға ие болды.
- **«Толағай» спорттық сайысында** I-дәрежелі Дипломға қол жеткізді.
- **Ұстаздар күні** қарсаңында педагогтер Алғыс хаттармен марапатталып, кейбір ұстаздар қаржылай сертификаттар алды (30 000 теңге).
- **AMANAT партиясы** атынан белсенді қызметі үшін Ордендер мен Алғыс хаттар табысталды.
- **Ақтөбе облысы әкімінің Құрмет грамотасы** педагогикалық еңбекті бағалаудың бір көрінісі болды.
- **«Үздік жыл психологі»** аудандық кезеңінде психолог Алғыс хатпен марапатталды.
- **«Үздік ұйымдастырылған іс-әрекет» облыстық байқауында** педагогтер III дәрежелі Дипломға ие болды.
- **«Әдепті келін – ауыл көркі» байқауына** қатысқан педагог «Көрікті келін» номинациясын жеңіп алды.
- **Республикалық «Ханталапай» байқауында** бір педагог Бас жүлдені иеленді.

Бұл марапаттар балабақша ұжымының кәсіби біліктілігі мен еңбегін дәлелдеп, болашақта жаңа жетістіктерге жетуге серпін берді.

ЖОСПАРЛАУДА ПАЙДАЛАНАТЫН ҚҰЖАТТАР:

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Тиісті үлгілері білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077>

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V0900005750>

Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

«КҮНШУАҚ» БӨБЕКЖАЙ – БАҚШАСЫНЫҢ МИССИЯСЫ:

Инновациялық және креативті тәсілдер арқылы әр баланың әлуетін ашу.

Біз екі тілде білім беріп, жобалық және құзыреттілікке негізделген білім ортасын қалыптастырамыз.

Біздің мақсатымыз – баланың өзін – өзі танып, сенімді, ізденгіш және өмірге бейім тұлға болып өсуіне жағдай жасау.

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ МІНДЕТТЕРІ:

1. Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жан – жақты дамуына, функционалдық сауаттылығының қалыптасуына, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруіне бағытталған сапалы мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру

- Жаңа үлгідегі білім беру бағдарламаларын енгізу (ойын арқылы оқыту, зерттеу әдістері, цифрлық технологиялар қолдану)
- Инновациялық білім беру технологияларын қолдану (EdTech, интерактивті тақта, мультимедиялық контент)
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында адалдық құндылықтарын насихаттау шараларын ұйымдастыру арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы ұрпақты тәрбиелеу

Обеспечение качественного дошкольного образования и воспитания с учетом возрастных особенностей ребенка, направленного на всестороннее развитие, формирование функциональной грамотности, усвоение национальных и общечеловеческих ценностей

- Внедрение новых образовательных программ (игровое обучение, исследовательские методы, использование цифровых технологий)
- Использование инновационных образовательных технологий (EdTech, интерактивные доски, мультимедийный контент)
- Воспитание сознательного поколения, впитавшего национальные ценности, путем организации мероприятий в рамках программы «Интегрированное образование»

2. МДҰ-ның тәрбиелеу- білім беру процесіне жобалау технологиясын енгізу арқылы мектепке дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.

- Жобалау іс – әрекетіне балалардың қызығушылығын қалыптастыру
- Жобалау іс – әрекетін оқу – тәрбие үрдісіне енгізу
- Іс – тәжірибе жасау арқылы балалардың танымдылық белсенділігін дамыту
-

Развитие интеллектуальных способностей дошкольников через внедрение технологии проектирования в воспитательно – образовательный процесс ДОУ.

- Формирование интереса детей к проектной деятельности
- Внедрение проектной деятельности в учебно – воспитательный процесс

- Развитие познавательной активности детей через практику

**«Күншуақ» бөбекжай - бақшасы» МКҚК-ның
2025 - 2026 оқу жылының оқу жұмыс жоспарына
түсінік хат**

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы бойынша 2025– 2026 оқу жылында 14 топ бойынша 320 баламен жұмыс жоспарлануда.

Оның ішінде 9 топқа мемлекеттік тілде, 5 топқа орыс тілінде оқу - тәрбие жұмыстары жүргізіледі.

«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы» МКҚК- ның 2025 - 2026 оқу – тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандарты, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы», басқа да нормативтік құжаттар мен әдістемелік –нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылады.

Бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ететін жаңа оқу жылының жоспарын педагогтар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, мамандармен бірлесе отырып құрды. Перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылды. Жоспарланған перспективалық жоспарлар №1 педагогикалық кеңесте бекітілді. Білім беру мазмұны балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру дағдыларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етілген . Білім беру дағдылары өзара байланысуы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдісімен іске асырады

Мақсаты:

1. Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жан – жақты дамуына, функционалдық сауаттылығының қалыптасуына, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруіне бағытталған сапалы мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру.
 - Жаңа үлгідегі білім беру бағдарламаларын енгізу (ойын арқылы оқыту, зерттеу әдістері, цифрлық технологиялар қолдану)
 - Инновациялық білім беру технологияларын қолдану
 - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында адалдық құндылықтарын насихаттау шараларын ұйымдастыру арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы ұрпақты тәрбиелеу
2. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу – білім беру процесіне жобалау технологиясын енгізу арқылы мектепке дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.
 - Жобалау іс – әрекетіне балалардың қызығушылығын қалыптастыру
 - Жобалау іс – әрекетін оқу – тәрбие үрдісіне енгізу

- Іс – тәжірибе жасау арқылы балалардың танымдылық белсенділігін дамыту.

Жоспарды іске асыру барысында ойын арқылы оқыту технологиялары, жобалау, денсаулық сақтау технологиялары, STEM әдістемесі және тұлғалық –

бағдарланған әдістер кеңінен қолданылады. Балалардың бойында патриоттық сезім, еңбекке қызығушылық, табиғатқа сүйіспеншілік, отбасыға құрмет сияқты маңызды адами қасиеттерді қалыптастыру – «Күншуақ» бөбекжай – бақшасы ұжымының басты мақсаты болып табылады.

Вариативтік компонент – бұл мектепке дейінгі балалардың дамуын жан – жақты қолдауға бағытталған бөлімі. Ол балалардың қызығушылығына, ерекшеліктеріне, ата – аналардың сұранысына және балабақшаның мүмкіндіктеріне байланысты құрылады.

Мақсаты: балалардың шығармашылық, зияткерлік және жеке қабілеттерін дамыту

Вариативтік компонент міндетті бағдарламадан артық жүктемесіз, баланың қызығушылығы мен жасы ескеріліп: Мектепалды даярлық топтарында: «Құлагер» - «Кішкентай театр жұлдыздары», «Қиял әлемі», «Радуга» - «Аквариумные рыбки», «Волшебные палочки», Ересек топтарында: «Лучик» - «Мир пластилиновой сказки», «Маленькие исследователи», «Шаңырақ» - «Ұлттық дәстүр – асыл мұра», «Өнерлі екен он саусақ», «Аққу» - «Әжемнің ертегісі», «Тұздың пайдасы мен зияны», «Аққоян» - «Құм терапиясы», «Сиқырлы бояулар», «Айгөлек» - «Кішкентай зерттеушілер», «Екінші өмір сыйла», Ортаңғы топтарда: «Сказка» - «Маленькие волшебники», «Мир красок», «Жұлдыз» - «Балабақшадағы мәдени дәстүрлер», «Ғажайып түстер алаңқайы», «Еркетай» - «Дидактикалық ойындар», «Байқампаздар әлемі», «Светлячок» - «Волшебные краски», «Юные друзья природы», Дене шынықтыру нұсқаушысы: «Ұлттық ойындар», Музыка жетекшісі: «Қазақтың ұлттық би түрлері», қазақ тілі маманы: «Түлге бойлау» тақырыптары бойынша құрылады.

Сапалы білім берудің күн сайын тиімді жолдарын ойластырып отыруды ерекше талап етіп отырған жаңа кезеңде, балаларды жан – жақты дамытып, дені сау , жаны таза тәрбиелі, білімді ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу балабақшаның басты мақсаты деп түсінген педагогтар осы вариативтік бөлімдерді құрастырып, жұмыс жасауда.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ:

I. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІ МЕН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ	
1.1.	Педагогтардың біліктілігін арттыру жоспары
1.2.	Педагогтарды аттестаттаудан өткізу кестесі
1.3.	Аттестация комиссиясының жұмыс жоспары
II. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖҰМЫС	
2.1.	Ұйымдастырушы топтың жұмыс жоспары.
2.2.	Педагогикалық кеңес
2.3.	Педагогтармен жүргізілетін іс –шаралар
2.4.	Жас мамандармен жұмыс
2.5.	Консультациялар,семинарлар,семинар-практикумдер,дөңгелек үстелдер
2.6.	Әдістемелік кеңес
2.7.	Мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібі
2.8.	Медицина қызметкерінің жұмыс құжаттары
III. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОТБАСЫЛАРЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС	
3.1.	Ата – аналармен жұмыс
3.2.	Даналық мектебінің жұмыс жоспары
3.3.	Консультациялық пункт жұмыс жоспары
3.4.	Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары
3.5.	Балалармен жүргізілетін іс –шаралар
IV. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ	
4.1.	Мектепке дейінгі ұйымының мектеппен сабақтастығы
4.2.	Құзыреттілік орталығының өсу нүктесі бойынша жоспары
V.МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫС	
5.1.	Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары
VI. БАҚЫЛАУ: БАҚЫЛАУ ТҮРЛЕРІ МЕН МАЗМҰНЫ	
6.1.	Балабақшадағы бақылау және басшылық жұмыс жоспары
6.2.	Мониторинг бақылау
6.3.	Фронталды бақылау
6.4.	Жедел бақылау
VII. ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС	
1.	Өндірістік кеңес
2.	Менгеруші жанындағы кеңес
3.	Материалды – техникалық базаны нығайту

І. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІ МЕН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ
2025– 2026 оқу жылына
педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсынан өтуі туралы жоспары

р/с	Аты - жөні	Курстан өткен уақыты				Курстан өткізу уақытының жоспары		
		2021	2022	2023	2024	2025	2026	2027
1	Курманова Жадра Аскаровна					+		
2	Жариева Жайна Абылайевна		+				+	
3	Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна						+	
4	Байбулова Маржанкул Аменовна						+	
5	Сарсенова Кулянда Шаймерденовна				+			
6	Жакеева Зинегүл Мутаевна						+	
7	Кульманова Жайнагуль Бурғалиевна						+	
8	Искакова Райла Жанабергеновна							+
9	Айжарықова Райхан Ерболқызы						+	
10	Кисекбаева Гулнара Жайлкановна				+			
11	Артыкбаева Ботагөз Даулетқызы						+	
12	Минжасарова Гаухар Батыргереевна						+	
13	Примбетова Роза Кожағалиевна				+			
14	Айтжанова Светлана Улубаевна		+				+	
15	Егизбаева Шамшырак Ермухамбетовна						+	
16	Сүлейменова Зиягүл Жөкенқызы				+			
17	Кинжибекова НурданаЕрланқызы					+		
18	Тамбаева Гульнара Булатовна			+				+
19	Имангазина Светлана Алпамысовна				+			
20	Боранбаева Назгуль Жумаевна					+		
21	Кудабаева Гульзат Климовна			+				+
22	Нугманова Кунсауле Климовна			+				+
23	Карашаева Гаухар Избагамбетовна				+			
24	Абдыкова Ақгуль Темирбаевна				+			
25	Таухабаева Индира Максотовна						+	
26	Мажарова Галина Ивановна			+				
27	Абилгазина Айгуль Мугадаровна						+	
28	Қазыбаева Жанар Берікқызы			+				
29	Карагулова Несвели Армановна				+			
30	Оразова Малика Нуртаевна		+				+	
31	Аябергенова Айбарша Токсанбаевна					+		
32	Оразалы Күлпан Дүйсенғалиқызы						+	
33	Орынбасарова Жайнагул Сакенаевна		+				+	
34	Григуль Ирина Владимировна							
35	Қорғанбаева Рахат Жанғазықызы			+				+
36	Байдаулетова Нуржамал Ахметжановна			+				+

**2025 – 2026 оқу жылына арналған
педагог қызметкерлердің аттестациядан өтуі туралы жоспары**

p/c	Аты - жөні										
		2020	2021	2022	2023	2024	2025	2026	2027	28	2029
1	Курманова Жадра Аскаровна				+			+			
2	Жариева Жаина Абылаиевна					+					+
3	Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна							+			
4	Байбулова Маржанкул Аменовна					+					+
5	Жакеева Зинегүл Мутаевна					+					+
6	Кульманова Жайнагуль Бурғалиевна								+		
7	Искакова Райла Жанабергеневна					+					+
8	Айжарықова Райхан Ерболқызы					+		+			+
9	Примбетова Роза Қожағалиевна					+					+
10	Сарсенова Кулянда Шаймерденовна		+					+			
11	Байдаулетова Нуржамал Ахметжановна							+			
12	Кисекбаева Гулнара Жайлкановна							+			
13	Артықбаева Ботағоз Даулетовна					+					+
14	Егизбаева Шамшырак Ермухамбетовна					+					+
15	Айтжанова Светлана Улубаевна		+					+			
16	Сүлейменова Зиягүл Жөкенқызы					+					+
17	Кинжибекова Нурдана Ерланқызы										
18	Тамбаева Гульнара Булатовна		+					+			
19	Имангазина Светлана Алпамысовна		+					+			
20	Боранбаева Назгуль Жумаевна		+					+			
21	Қудабаева Гульзат Климовна					+					+
22	Нугманова Кунсауле Климовна		+								
23	Карашаева Гаухар Избағамбетовна		+					+			
24	Абдыкова Ақгуль Темирбаевна	+					+				
25	Таухабасева Индира Максотовна							+			
26	Мажарова Галина Ивановна				+					+	
27	Абилгазина Айгуль Мугадаровна					+					+
28	Қарагулова Несвили Армановна						+				
29	Қазыбаева Жанар Бериковна						+				
30	Аябергенова Айбарша Токсанбаевна		+					+			
31	Оразова Малика Нуртаевна				+			+		+	
32	Оразалы Күлпан Дүйсенғалиқызы				+						
33	Орынбасарова Жайнагул Сакенаевна						+				
34	Григуль Ирина Владимировна										
35	Қорғанбаева Рахат Жанғазықызы						+				

Аттестация комиссиясының жұмыс жоспары

Мақсаты: Педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін, шеберлігін, шығармашылық қабілеттерін анықтау және әділ бағалау арқылы олардың қызмет сапасын арттыру

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Аттестация жұмыс жоспарын бекіту	тамыз	Меңгеруші Әдіскер
2	Аттестаттау комиссиясын құру туралы бұйрық шығару Аттестатталуға өтініш беруші педагогтер тізімін нақтылау	қыркүйек	АК төрайымы
3	- аттестатталушы педагог-тәрбиешілерді аттестациялау ережелерімен таныстыру - өз білімін жетілдіру папкасымен жұмыс	қыркүйек	АК
4	АК жұмысы: - АК отырысын ұйымдастыру - аттестатталушы педагог-тәрбиешілердің -«Ұстаз» платформасы бойынша нұсқаулық беру	казан	Меңгеруші АК
4	АК жұмысы: - I кезең біліктілік тестілеуден өту - аттестатталушы педагог-тәрбиешілердің жарты жылдық шығармашылық есебін тыңдау - аттестатталушы педагогтардың диагностикалық картасын толтыру	Қараша желтоқсан	АК
5	АК жұмысы: - аттестатталушы педагог-тәрбиешілердің ҰІӨ – не қатысу - портфолиоларын тексеру	Қаңтар ақпан	АК
6	АК жұмысы: - АК отырысын ұйымдастыру - аттестатталушы педагог-тәрбиешілер туралы қорытынды шешім қабылдау	сәуір мамыр	Меңгеруші АК

II. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

ҰТ жұмысының кезеңдері

№	Кезеңдері	Мақсаты
1	Дайындық	Зерттеушілік қызметтің мақсаттарын, міндеттерін анықтау
2	Қалыптастырушы	Ғылыми-әдістемелік базаны кеңейту, педагогикалық шығармашылықты дамыту
3	Талдаушылық	Алынған ақпаратты талдау
4	Қолданушылық	Жоспарлау, реттеу, әдістемелік база жасау: ұсынымдар, бюллетендер, семинарлар
5	Қорытынды	Жалпылау, қорытындыларды қалыптастыру

Ұйымдастырушы топтың 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Өткізілетін іс-шаралар	Мақсаты	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ұйымдастырушы топтың отырысы	ҰТ жұмысын жүйелі, тиімді жүргізу	Тамыз	Ұйымдастырушы топ Сарсенова Г.С.
2	Перспективалық жоспарлау және циклограмма жасау мен мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстың іс-тәжірбиесіне денсаулық сақтау технологияларын (бұдан әрі-ДСТ) енгізу Оқу – тәрбиелеу жұмыстарының жоспарларын талқылау	Әдістемелік және практикалық көмек көрсету.	Қыркүйек, жыл бойы	«Іскерлік» тобы Жариева Ж.А. Сарсенова Г.С.
3	Балабақшаның режимдік сәттері, күн тәртібін қалыптастыру	Баланың күнін жоспарлау	Қазан	«Іскерлік» тобы Жариева Ж.А. Сарсенова Г.С.

	бойынша жас мамандарға кеңес			
4	«Сиқырлы күз» ертеңгіліктерінің дайындық жұмыстары	Педагогтерге қолдау көрсету, балалардың мерекеге деген мотивациясын дамыту	Қазан	Шығармашылық тобы Жариева Ж.А. Сарсенова Г.С.
5	ҰТ отырысы. Сауалнама жүргізу. Ашық қаралымдар, оларды өткізу формасы мен ұйымдастыру жөнінде кеңестер беру	Тәрбиешілерге кәсіби дамуға қолдау көрсету	Қараша	«Болашақ» тәлімгерлер тобы Жариева Ж.А. Сарсенова Г.С.
6	«Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелеріне арналған дайындық жұмыстары	Педагогтерге қолдау көрсету, балалардың мерекеге деген мотивациясын дамыту	Желтоқсан	«Ұйымдастырушы» тобы Жариева Ж.А. Сарсенова Г.С.
7	Тәрбиешілердің сабақтарына қатысу және сабақтарына талдау жүргізу	Өзара қатысым арқылы жас мамандардың білімін жетілдіру, тәжірибесін жинақтау	Аптасына 1 рет Жыл бойы	«Жас мамандар» тобы Педагогтер
8	Шығармашылық топтың отырысы. Шығармашылық топ мүшелерінің денсаулық сақтау технологиясын қолдану бойынша ағартушылық жұмыстар	Тәрбиешілерге кәсіби дамуға қолдау көрсету	Қаңтар	Шығармашылық топ Жариева Ж.А. Сарсенова Г.С.
9	Көрме : «Тиімді идеялар жәрмеңкесі»	ҰӘІ – де қолданылатын әдіс-тәсілдерді жинақтау	Қаңтар	«Болашақ» тәлімгерлер тобы Жариева Ж.А . Сарсенова Г.С.
10	«Бүгінгі жас маман – ертеңгі білікті ұстаз»	Өзара қатысым арқылы жас мамандардың білімін жетілдіру,	Ақпан	«Жас мамандар» тобы Жариева Ж.А. Сарсенова Г.С.

		тәжірибесін жинақтау		
11	Коучинг: «Жаңа әдіс- тәсілдерді оқу – тәрбие үдерісіне енгізу жолдары »	Педагогтер тәжірибесінде әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана алады	Наурыз	ҰТ Жариева Ж.А. Сарсенова Г.С.
12				
13	ҰТ отырысы. Вариативтік компонент Есеп беру қаралымдары	Жобалау технологиясын пайдалану арқылы балалардың дамуын байқау	Сәуір	Топ тәрбиешілер
14	«Серуен – күн тәртібінің негізгі бөлімі»	Жас мамандарға серуен бөлімдерінің дұрыс орындалуын үйрету	Мамыр	«Болашақ» тәлімгерлер тобы Жариева Ж.А. Сарсенова Г.С.
15	Жылдық есеп. Шығармашылық топтың қорытынды отырысы-жылға арналған тақырып бойынша жұмысқа талдау жасау. Педагогтардың шығармашылық есептері	Шығармашылық топтың зерттеу жұмысының ұжымдағы ықпалын бақылау	Мамыр	Шығармашылық топ Жариева Ж.А Сарсенова Г.С.

Педагогикалық кеңестер

Міндеті: Педагог қызметкерлердің ғылыми - әдістемелік деңгейін үздіксіз көтеріп отыру

№	Мазмұны	Уақыты
1	Тақырбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы. Мақсаты: Балабақшада оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыру. 1. Балабақша педагогикалық ұжымын 2024 – 2025 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, перспективтік жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту. 2. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Аттестациядан өтетін педагогтер жоспарын құру. 3. Жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту. 4. Шығармашылық топ мүшелерін бекіту, жоспарымен таныстыру	Тамыз
